

Әуликөл ауданының 2013-2015 жылдарға арналған бюджеті туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 56 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 24 желтоқсанда № 3945 тіркелді

Әуликөл аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Ауданның 2013-2015 жылдарға арналған бюджеті тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2013 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:
 - 1) кірістер – 4755623,4 мың теңге, оның ішінде:
 - салықтық түсімдер бойынша – 747876,0 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер бойынша – 3895,0 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша – 16033,0 мың теңге;
 - трансферттер түсімі бойынша – 3987819,4 мың теңге;
 - 2) шығындар – 4806636,3 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 32815,0 мың теңге, оның ішінде бюджеттік кредиттерді өтеу – 6133,0 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – -83 827,9 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 83827,9 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 12.12.2013 № 116 шешімімен (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. 2013 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен аудан бюджетіне берілетін 1687032,0 мың теңге сомасында субвенция көлемі көзделгені ескерілсін.

3. 2013 жылға арналған аудан бюджетінде республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түсімдері көзделгені ескерілсін, соның ішінде:

- 1) эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізуге 54619,6 мың теңге сомасында;
- 2) "Өңірлерді дамыту" бағдарламасы шеңберінде өңірлердің экономикалық дамуына жәрдемдесу жөніндегі шараларды іске асыруға 36384,2 мың теңге сомасында;
- 3) мамандардың әлеуметтік көмек көрсетуі жөніндегі шараларды іске асыруға 6984,0 мың теңге сомасында;
- 4) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға 37422,0 мың теңге сомасында;

5) Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға 17656,0 мың теңге сомасында, соның ішінде:

негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдығымен жарактандыруға 16388,0 мың теңге сомасында;

үйде оқытылатын мүгедек балаларды жабдықпен, бағдарламалық қамтыммен қамтамасыз етуге 1268,0 мың теңге сомасында;

6) қорғаншыларға (қамқоршыларға) жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап бағу үшін ай сайынғы ақша қаражатын төлеуге 17135,0 мың теңге сомасында;

7) мектеп мұғалімдеріне және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиешілеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы мөлшерін ұлғайтуға 25617,0 мың теңге сомасында;

8) үш деңгейлі жүйе бойынша біліктілікті арттырудан өткен мұғалімдерге төленетін еңбекақыны арттыруға 8331,0 мың теңге сомасында;

9) жергілікті атқарушы органдардың штат санын ұлғайтуға 10347,0 мың теңге сомасында.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 12.07.2013 № 85 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі); 23.10.2013 № 111 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі); 12.12.2013 № 116 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

4. алынып тасталды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 14.02.2013 № 64 шешімімен (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

5. 2013 жылға арналған аудан бюджетінде республикалық және облыстық бюджеттен нысаналы даму трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін, соның ішінде:

1) білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға 784102,0 мың теңге сомасында;

2) коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау, салу және сатып алуға 21878,0 мың теңге сомасында;

3) инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту, жайластыру және сатып алуға 3195,6 мың теңге сомасында;

4) коммуналдық шаруашылықты дамытуға 1112995,0 мың теңге сомасында;

5) көлік инфрақұрылымын дамытуға 11000,0 мың теңге сомасында.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 14.02.2013 № 64 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі); 12.07.2013 № 85 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі); 23.10.2013 № 111 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

6. 2013 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен коммуналдық меншік объектілерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға 5191,0 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін.

6-1. 2013 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен білім беру

ұйымдарын ұстауға 12 597,0 мың теңге сомасында нысаналы трансферт түсімі көзделгені ескерілсін.

Ескерту. Шешім 6-1 тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 02.10.2013 № 105 шешімімен (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) .

6-2. 2013 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен сот шешімдері бойынша міндеттемелерді өтеуге 10 948,0 мың теңге сомасында нысаналы трансферт түсімі көзделгені ескерілсін.

Ескерту. Шешім 6-2 тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 02.10.2013 № 105 шешімімен (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) .

7. 2013 жылға арналған аудан бюджетінде мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға 38948,0 мың теңге сомасында бюджеттік кредиттер түсімдері көзделгені ескерілсін.

8. 2013 жылға арналған аудан бюджетінде 6133,0 мың теңге мөлшеріндегі бюджеттік кредиттерді өтеу ескерілсін.

9. 2013 жылға арналған аудан бюджетінде ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тексеру комиссияларының және олардың аппараттарының жойылуына және " Қостанай облысы бойынша тексеру комиссиясы" мемлекеттік мекемесінің құрылуына байланысты облыстық бюджетке 2149,0 мың теңге сомасында трансферттердің қайтарылуы ескерілсін.

9-1. 2013 жылға арналған аудан бюджетінде республикалық және облыстық бюджеттерден 2012 жылы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) 2742,4 мың теңге сомасында нысаналы трансферттердің қайтарылуы көзделгені ескерілсін.

Ескерту. Шешім 9-1-тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 14.02.2013 № 64 шешімімен (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) .

9-2. 2013 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджетке аударуға жататын кредиттер бойынша сыйақылар төлеу жөнінде 9,0 мың теңге сомасында борышты өтеуге қызмет көрсету көзделгені ескерілсін.

Ескерту. Шешім 9-2-тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 23.10.2013 № 111 шешімімен (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) .

9-3. 2013 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджетке аудару үшін кредиттер бойынша төлемақы өсіміне 13,8 мың теңге сомасында шығыстар көзделгені ескерілсін.

Ескерту. Шешім 9-3-тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 23.10.2013 № 111 шешімімен (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) .

10. Ауданның жергілікті атқарушы органының 2013 жылға арналған резерві 24311,0 мың теңге сомасында бекітілсін.

11. 2013 жылға арналған аудан бюджетін атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

12. Қаладағы әр ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің 2013 жылға бюджеттік бағдарламаларының тізбесі 5-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

13. Осы шешім 2013 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Төртінші сессиясының төрайымы А. Жансүгірова

Аудандық мәслихаттың хатшысы А. Бондаренко

КЕЛІСІЛДІ

"Әуликөл ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы

Печникова Т.И.

Мәслихаттың

2012 жылғы 12 желтоқсандағы

№ 56 шешіміне 1-қосымша

Әуликөл ауданының 2013 жылға арналған бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 12.12.2013 № 116 шешімімен (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

санаты				Сомасы, мың теңге
Сыныбы				
Ішкі сыныбы				
			Атауы	
			I. Кірістер	4755623,4
1			Салықтық түсімдер	747876,0
	01		Табыс салығы	336438,0
		2	Жеке табыс салығы	336438,0
	03		Әлеуметтік салық	270108,0
		1	Әлеуметтік салық	270108,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	119748,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	58167,0
		3	Жер салығы	7404,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	49781,0
		5	Бірыңғай жер салығы	4396,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	14621,0
		2	Акциздер	4260,0

	3		Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	3200,0
	4		Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	7161,0
07			Басқа да салықтар	320,0
	1		Басқа да салықтар	320,0
08			Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	6641,0
	1		Мемлекеттік баж	6641,0
2			Салықтық емес түсімдер	3895,0
01			Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	775,0
	1		Мемлекеттік кәсіпорынның таза кірісі бөлігіндегі түсімдер	177,0
	5		Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	598,0
02			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	900,0
	1		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	900,0
06			Басқа да салықтық емес түсімдер	2220,0
	1		Басқа да салықтық емес түсімдер	2220,0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	16033,0
01			Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	1870,0
	1		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	1870,0
03			Жерді және материалдық емес активтерді сату	14163,0
	1		Жерді сату	12771,0
	2		Материалдық емес активтерді сату	1392,0
4			Трансферттердің түсімдері	3987819,4
02			Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	3987819,4
	2		Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	3987819,4
Функционалдық топ				Сомасы, мың теңге
	Кіші функция			
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
	Бағдарлама			
	Атауы			
	II. Шығындар			
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	253669,5
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	223925,5

	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	12789,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	12538,9
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	250,1
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	62821,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	60293,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2528,0
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	148315,5
		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	145641,0
		022	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	2674,5
2			Қаржылық қызмет	15486,0
	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	15486,0
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14388,0
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	408,0
		011	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	340,0
		018	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	350,0
5			Жоспарлау және статистикалық қызмет	14258,0
	453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	14258,0
		001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту және ауданды (облыстық маңызы бар қаланы) басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14028,0
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	230,0
02			Қорғаныс	4663,0
1			Әскери мұқтаждар	4663,0
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	4663,0
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	4663,0
04			Білім беру	2716213,3
	1		Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	171581,0
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	171581,0
		009	Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	130805,0

		040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	40776,0
2			Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	1677188,0
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	2636,0
		005	Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру	2636,0
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	1674552,0
		003	Жалпы білім беру	1633856,0
		006	Балаларға қосымша білім беру	40696,0
9			Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	867444,3
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	83342,3
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	13074,0
		005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	19433,3
		015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері	17135,0
		020	Үйде оқытылатын мүгедек балаларды жабдықпен, бағдарламалық қамтыммен қамтамасыз ету	1268,0
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	32432,0
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	784102,0
		037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	784102,0
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	144673,0
	2		Әлеуметтік көмек	97681,4
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	97681,4
		002	Еңбекпен қамту бағдарламасы	16000,0
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	6190,0
		006	Тұрғын үй көмегі	8971,0
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	17076,0
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	412,5
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	16021,3
		016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	29170,5
		017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	3840,1

9			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	46991,6
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	46991,6
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	22161,6
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	509,7
		021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	24320,3
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	70609,9
	1		Тұрғын үй шаруашылығы	25073,6
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	25073,6
		003	Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау, салу және (немесе) сатып алу	21878,0
		004	Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту, жайластыру және (немесе) сатып алу	3195,6
	2		Коммуналдық шаруашылық	4973,0
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	4973,0
		012	Сумен жабдықтау және су бөлу жүйесінің қызмет етуі	1000,0
		026	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін қолдануды ұйымдастыру	3973,0
	3		Елді-мекендерді көркейту	40563,3
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	30967,3
		008	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	8604,0
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	6263,3
		010	Жерлеу орындарын күтіп-ұстау және туысы жоқ адамдарды жерлеу	100,0
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	16000,0
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	9596,0
		018	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	9596,0
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	133062,2
	1		Мәдениет саласындағы қызмет	38698,0
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	38698,0
		003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	38698,0
	2		Спорт	14582,0

	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) Дене шынықтыру және спорт бөлімі	14582,0
		005	Ұлттық және бұқаралық спорт түрлерін дамыту	7604,0
		006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	732,0
		007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	6246,0
3			Ақпараттық кеңістік	51324,0
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	48124,0
		006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	42081,0
		007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	6043,0
	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	3200,0
		002	Газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	2800,0
		005	Телерадио хабарларын тарату арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі қызметтер	400,0
9			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	28458,2
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	15289,2
		001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8279,0
		010	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1719,8
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	5290,4
	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	7207,0
		001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6707,0
		003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	500,0
	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) Дене шынықтыру және спорт бөлімі	5962,0
		001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5792,0
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	170,0
09			Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	1241610,0
	9		Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану саласындағы басқа да қызметтер	1241610,0

	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	1241610,0
		009	Жылу-энергетикалық жүйені дамыту	1241610,0
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	90598,8
	1		Ауыл шаруашылығы	28365,2
	453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	6984,0
		099	Мамандардың әлеуметтік көмек көрсетуі жөніндегі шараларды іске асыру	6984,0
	462		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	14115,2
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	13941,0
		006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	174,2
	473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	7266,0
		001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6156,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	110,0
		007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	1000,0
6			Жер қатынастары	7614,0
	463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	7614,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7614,0
9			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	54619,6
	473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	54619,6
		011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	54619,6
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	12953,7
	2		Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	12953,7
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	6617,0
		001	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6617,0
	468		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет және қала құрылысы бөлімі	6336,7
		001	Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6212,0
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	124,7

12			Көлік және коммуникация	39296,5
	1		Автомобиль көлігі	39296,5
		123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	4446,5
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	4446,5
		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	34850,0
		022	Көлік инфрақұрылымын дамыту	11750,0
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	23100,0
13			Басқалар	94372,2
	3		Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау	6893,0
		469	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	6893,0
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік пен өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5633,0
		003	Кәсіпкерлік қызметті қолдау	1150,0
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	110,0
	9		Басқалар	87479,2
		123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	36384,2
		040	"Өңірлерді дамыту" Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	36384,2
		452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	25059,0
		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	25059,0
		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	26036,0
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	20845,0
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	5191,0
14			Борышқа қызмет көрсету	22,8
	1		Борышқа қызмет көрсету	22,8
		452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	22,8
		013	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	22,8
15			Трансферттер	4891,4

	1		Трансферттер	4891,4
		452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	4891,4
			006 Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	2742,4
			024 Мемлекеттік органдардың функцияларын мемлекеттік басқарудың төмен тұрған деңгейлерінен жоғарғы деңгейлерге беруге байланысты жоғары тұрған бюджеттерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	2149,0
			III. Таза бюджеттік кредиттеу	32815,0
			Бюджеттік кредиттер	38948,0
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	38948,0
	1		Ауыл шаруашылығы	38948,0
		453	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	38948,0
			006 Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	38948,0
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	6133,0
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	6133,0
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	6133,0
			13 Жеке тұлғаларға жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	6133,0
			V. Бюджет тапшылығы (профициті)	-83827,9
			VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	83827,9

М ә с л и х а т т ы ң

2012

жылғы

12

желтоқсандағы

№ 56 шешіміне 2-қосымша

Әуликөл ауданының 2014 жылға арналған бюджеті

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 23.10.2013 № 111 шешімімен (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

Санаты				С о м а с ы , мың теңге
Сыныбы				
Ішкі сыныбы				
			Атауы	
			I. Табыстар	3440017,0
1			Салықтық түсімдер	834206,0
	01		Табыс салығы	359962,0
		2	Жеке табыс салығы	359962,0
	03		Әлеуметтік салық	321747,0

	1	Әлеуметтік салық	321747,0
04		Меншікке салынатын салықтар	131013,0
	1	Мүлікке салынатын салықтар	71345,0
	3	Жер салығы	10974,0
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	46390,0
	5	Бірыңғай жер салығы	2304,0
05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	15264,0
	2	Акциздер	4864,0
	3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	3080,0
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	7320,0
08		Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	6220,0
	1	Мемлекеттік баж	6220,0
2		Салықтық емес түсімдер	12314,0
01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	5390,0
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	5390,0
02		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	500,0
	1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	500,0
06		Басқа да салықтық емес түсімдер	6424,0
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	6424,0
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	4745,0
01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	2354,0
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	2354,0
03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	2391,0
	1	Жерді сату	1323,0
	2	Материалдық емес активтерді сату	1068,0
4		Трансферттердің түсімдері	2588752,0
02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	2588752,0
	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	2588752,0
Функционалдық топ			
	Кіші функция		
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		С о м а с ы ,
			мың теңге

			Бағдарлама	
			Атауы	
			II. Шығындар	3440017,0
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	241398,0
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	209761,0
		112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	12494,0
			001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	12494,0
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	54771,0
			001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	54771,0
		123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, аул, ауылдық округ әкімінің аппараты	142496,0
			001 Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	142496,0
	2		Қаржылық қызмет	17660,0
		452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	17660,0
			001 Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	15810,0
			011 Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	1850,0
	5		Жоспарлау және статистикалық қызмет	13977,0
		453	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	13977,0
			001 Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту және ауданды (облыстық маңызы бар қаланы) басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	13977,0
02			Қорғаныс	5690,0
	1		Әскери мұқтаждықтар	5390,0
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	5390,0
			005 Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	5390,0
	2		Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	300,0
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	300,0
			006 Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	300,0
04			Білім беру	1816772,0
	1		Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	120143,0
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	120143,0

		009	Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	120143,0
2			Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	1652256,0
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	3348,0
		005	Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру	3348,0
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	1648908,0
		003	Жалпы білім беру	1613276,0
		006	Балаларға қосымша білім беру	35632,0
9			Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	44373,0
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	30385,0
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	13901,0
		005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	16484,0
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	13988,0
		037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	13988,0
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	133140,0
2			Әлеуметтік көмек	107637,0
